

## Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Шолаққорған

№94

14-02-2024

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Түркістан облысының білім басқармасының "Созақ ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Ереже негізінде әрекет ететін басшы Айдаров Нұралы Түрдиевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Арай бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, Жарғы негізінде әрекет ететін Меңгеруші Сейсенбиева Лала Шамиевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығына негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысының қызметтері осы қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі-шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша **202-011-159** ;

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) техникалық ерекшелік (1-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының тәрбиеленушілер 2 жастан 6 дейінгі саны 61 бала, бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны 9808.00 (Тоғыз мың сегіз жүз сегіз теңге 00 тиын) теңге, шарттың жалпы құны 4 188 016.00 (Төрт миллион бір жүз сексен сегіз мың он алты теңге 00 тиын) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) камтиды.

#### 2.2 Шарт

**202** Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға, **011** Республикалық бюджет қаражаты есебінен, **159** Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша – 4 188 016.00 (Төрт миллион бір жүз сексен сегіз мың он алты теңге 00 тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2024 жылы қаражаттар есебінен қаржыландырылады.

2.3 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.



Қызмет көрсету актісінің нысанын Өнім беруші алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) көрсетілген қызмет актісі (актілері);
- 3) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 2) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 4) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді;

#### **3.2 Өнім беруші:**

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

#### **3.3 Тапсырыс беруші:**

- 1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) Көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) Көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;
- 4) Осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### **4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестіне мониторинг жүргізу**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мониторинг жүргізе алады.

4.1-1 Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдарда қаржы жылында бір рет «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» ережесінің 19-тармағының



(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы) шарттарын сақтау және қамтамасыз ету бойынша жоспарлы мониторинг жүргізіледі.

4.1-2 Мектепке дейінгі ұйымдар қызметіндегі бұзушылықтар бойынша жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініштері және осы Қағидалардың талаптары негізінде білім беруді басқару органы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде (бұдан әрі - ӘРПК) көзделген мерзімдерде жоспардан тыс мониторинг жүргізеді.

4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер мониторинг кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 1-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды мониторинг сәтінен бастап 5 күн ішінде қолданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

### **5 Қызметтер көрсету**

5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

### **6 Кепілдік**

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 1-қосымша) Қызметтерінің кәтелерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс.

6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

### **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен



әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт колданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті күннің немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

## **8 Шарттың колданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024-12-31 жылға дейін колданылады.

8.2 Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.3 Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.4 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

### **8.5 Шарт**

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында



көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталған;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсеткен;

3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісін анықтаған;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сомаларды енгізбеу арқылы Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

### **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

### **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

### **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

### **12 Өзге де шарттар**

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда

жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### 13 Реквизиттер

#### Тапсырыс беруші:

Түркістан облысының білім  
басқармасының «Созак ауданының білім  
бөлімі» мемлекеттік мекемесі  
Түркістан облысы, Созак ауданы,  
Шолақорған ауылы, Жібек жолы 24  
БСН 060140015359  
БСК ККМФК22А  
ЖСК KZ42070102KSN5801000  
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық  
Комитеті" РММ  
Тел.: 8-725-46-4-12-96

#### Өнім беруші:

"Түркістан облысының білім  
басқармасының Созак ауданының білім  
бөлімінің "Арай бөбекжай-бақпасы"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорыны  
Түркістан облысы, Созак ауданы,  
Тайқоңыр, Ақжайкын 28  
БИН/ИИН 140140007820  
БИК HSBKKZKX  
ИИК KZ986010291000 189070  
Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел: 87782363109

Басшы  М.Айдаров

Менгеруші  Д.Сейсембиева





## Шартқа 2-қосымша

### Техникалық сипаттама

1. Өнім беруші мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызмет көрсетеді.
2. Өнім беруші қолданыстағы жарактандыру нормаларына және санитарлық ережелерге сәйкес тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді.
3. Өнім беруші кезекті басқару жүйесі берген электрондық бағыт бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мектепке дейінгі ұйымда орын ұсынады және қолданыстағы "мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" стандартына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.
4. Жеткізуші балалардың жасын ескере отырып, шағын аудан бойынша орындардың қажеттілігін Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімімен келісе отырып, тәрбиеленушілер контингентін жинақтауды жүргізеді.
5. Жеткізуші балалармен білім беру процесін ұйымдастыру мен мазмұнының сапасын қамтамасыз етеді, педагогикалық технологияларды таңдау мен пайдалану тәртібінде тәуелсіз.
6. Жеткізуші мектепке дейінгі жастағы балалардың дағдылары мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізеді, олардың жетістіктерінің деңгейін анықтайды.
7. Өнім беруші мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға жәрдемдеседі.
8. Жеткізуші қолданыстағы тамақтану нормаларын ескере отырып, балалар тағамын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетеді.
9. Тапсырыс беруші мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетеді.
10. Тапсырыс беруші мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне аттестаттау және біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімдерін жүзеге асырады.
11. Тапсырыс беруші оқу жұмыс жоспарларын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын орындауды талдауды жүзеге асырады.
12. Тапсырыс беруші тиісті есепті қоса бере отырып, көрсетілген қызметтер актісіне сәйкес өнім берушімен ақшалай есеп айырысуды жүзеге асырады.
13. Өнім беруші Заңда белгіленген мерзімдерде есептеулерді қоса бере отырып, орындалған қызметтер актісін ұсынады.
14. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын бір тәрбиеленушіге айына шығыстардың құны Түркістан облысы әкімінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысымен белгіленеді.
15. ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, орта білімнен кейін техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына "сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар тізбесіне енгізілген мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыру жүзеге асырылады қабылданған балалар үшін:

іс жүзінде мектепке дейінгі ұйымға баратындар;

Медициналық және өзге де ұйымдарда сырқаттануы, емделуі, оңалтуы, ата-анасының біріне (баланың заңды өкіліне) еңбек демалысын беруі және баланы жылына екі айға дейінгі мерзімге сауықтыруы (ата-анасының біреуінің немесе заңды өкілінің анықтамасы немесе жазбаша өтініші берілген кезде); мектепке дейінгі ұйымда болмағандар 3 (үш) жұмыс күні ішінде айына.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізілген мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыру мектепке дейінгі ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) қол қойылған өткізу себептерін (қатысу табеліне электрондық түрде тіркелетін өткізу себебін растайтын құжаттардың болуы), орындалған жұмыстардың электрондық актісін, электрондық шот – фактураны көрсете отырып, қатысудың электрондық табелін ұсынған кезде жүзеге асырылады.

16. Ай сайын 5-ші күнге дейін Мектепке дейінгі ұйымдар өткен айда рұқсатнаманың себептерін көрсете отырып, электрондық табельді толтыруы қажет (өткізу себебін растайтын, қатысу табеліне электрондық түрде тіркелетін құжаттардың болуы).

17. Мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылғандардың саны хаттамалық шешімге сәйкес қаулымен бекітіледі.

18. Өнім беруші 3 ай ішінде мемлекеттік тапсырысты орындамаған жағдайда, Тапсырыс берушінің мемлекеттік тапсырысты біржақты тәртіппен азайтуға (хабарлама жіберуге) құқығы бар.